

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

КҮа(LA) 1104 Қазақ тілі

Семестр: 2

Кредит: 8

Сағат саны: 5

Оқу формасы: күндізгі

Алматы, 2025

Эксперименттік білім беру бағдарламасының негізінде жасалынды.

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – доцент, ф.ғ.к. Н.Қ. Мәтбек.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«04» 12 2025 ж. № 4 Хаттама

Кафедра меңгерушісі Н.Б. Тәуекелов Н.Б. Тәуекелов

КІРІСПЕ

Қазақ тілі курсты дайындау барысында оқытушылар оқу бағдарламасында сай әр тақырыпқа кестелер мен тірек-сызбалар, слайдтар жасалынып, білім алушылардың тақырыптарды оңай меңгеруіне мүмкіндік береді сонымен қатар қазақ диаспора тыңдаушыларының қазақ тілі пәніне қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастырып және дамытады. Филология және журналистика саласын кәсіби бағыт ретінде таңдаған тыңдаушыларға арналған қазақ тілі курсы мемлекеттік тілді терең түсінетін мамандар даярлау: сөйлеу мәдениетін игерту, сауатты жазуға, сөздік қорды дамытуға үйрету. Шетелдік диаспора өкілдеріне және жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша кешенді тест сынағын тапсыруға дайындау, осы бағытты таңдаған талапкерлерге міндетті оқу бағдарламасын меңгерту: сондықтан ЖОО дейінгі дайындық кафедрасына шетелден келген қандас тыңдаушылар мен ЖОО түсуге келген жас талапкерлерге ҚР Білім министрлігінің оқу-бағдарламасында белгіленген оқу материалдары қамтылады. Қазақ диаспорасы өкілдері қазақ тілінің қазақ әліпбиі, тарихы, дыбыстар жүйесі, қазақ жазуы кезеңдері, авторлары туралы бірізді және толық мағлұмат алмағандықтан, осы бағыттағы қазақ тілі туралы түсінік, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі терең, сапалы, жүйелі түсіндіру, тілдік заңдылықтарды оқып, теориялық білім мен тәжірибелік тұрғыдан жасалған талдау жұмыстарын қарым-қатынаста қолдана білуге; бастауыш деңгейде білім әлемнің әр түрлі өңірінен алғандықтан, тыңдаушылардың этникалық ерекшеліктеріне тиімді әрі оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, ұлттық тіліміздің мәнін терең түсінуге, құндылықтарын меңгеруге баулу. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға бейімдеу. Өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға бейімдеу. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту барысында шығармашылық жұмыстармен айналысуға баулу. Университет қабырғасында бастапқы ғылыми бағытта қызығушылықтарын айқындап, мақала, эссе, шығармалар жазуға бейімдеу. Түрлі бағыттағы ғылыми конференцияларға, білім сайыстарына баулып, зерттеушілік қасиеттерін ашу; Дереккөздермен жұмыс істеуге, мақала жазуға баулу. Тыңдаушылардың арасында дарынды балалармен жеке жұмыстар жасау, олардың талабын ұштау, болашаққа бағдар беру, тілтаным мәселелеріне қатыстыру журналистика, филология саласын таңдаған тыңдаушыларды кәсіби тұрғыда шығармашылыққа баулу; сөздік қор, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; меңгертуге арналған сұрақтар қамтылды. Талапкер өзі оқыған материалды толық игергені туралы білімін пысықтау үшін бұл тапсырмаларды орындау арқылы білім сапасы анықталады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Ауызша емтихан: дәстүрлі сұрақтарға жауаптар
- Емтихан форматы - синхронды.
- Ауызша емтихан өткізіледі: офлайн (бетпе-бет жүздесу)
- Емтиханның өткізілуін бақылау: оқытушы және емтихандық комиссия.
- Ұзақтығы:
 - Дайындық уақыты – 20 минут.
 - Жауап беру уақыты - 15 минут.
- Тыңдаушылар
 - 1. Емтихан басталар алдында келесілерді орындауы керек:
 - өзімен бірге алып кіретін жеке басын куәландыратын құжатты дайындап қоюы қажет;

- байланыс телефонның өшіруі және емтиханға кіргенде комиссияға өткізуі керек;
- емтихан тапсыруға кіргеннен кейін емтихан сұрақтарына толықтай жауап беріп болмайынша аудиториядан шығып кетуге рұқсат етілмейтіндіктен барлық қажеттіліктерін (су алып кіру, дәрі ішу, т.с.с.) орындауы керек;

2. Емтихан басталған кезде комиссия шақырған тыңдаушы өзінің жеке куәлігін көрсетеді.

3. Тыңдаушылар емтихан билетін таңдау арқылы алады. Емтихан сұрақтары (билеттер) қағаз нұсқасында даярланады. Тыңдаушыларға емтихан сұрақтарына дайындалу үшін қажет болса таза ақ парақтар беріледі, яғни өзімен берге парақтар, қағаздар алып кіруге болмайды. Емтихан сұрақтарына дайындалуға 20 минут беріледі.

4. Емтихан сұрақтарына дайындалуда шпаргалка, қандай-да болмасын байланыс құралдарын, т.с.с. көмекші құралдарды пайдалануға, басқа тұлғамен байланыс жасауға (сөйлесуге, сұрауға) тыйым салынады. Емтихан қабылдаушыға бір ғана жағдайда жүгінуге болады: емтихан сұрағы түсініксіз болса, соны нақтылау үшін, грамматикалық қателіктер орын алса.

5. Емтихан өткізілуі барысында аудиториядан шығып кетуге болмайды.

6. Емтихан сұрақтарына жауап беру үшін әрбір тыңдаушыға 15 минут уақыт беріледі. Жауап емтихан билетінде көрсетілген сұраққа қатысты болуы керек.

7. Жауап беріп болған соң тыңдаушы емтихан залынан шығады. Емтихан нәтижесі шығарылып, оны тыңдаушыларға естірту үшін емтихан залына шақырғанға дейін олардың емтихан залына кіріп-шығуына рұқсат етілмейді.

8. Жауапты бағалау критерийлері:

- жауаптың анықтығы, нақтылығы;
- жауаптың түсінікті қарапайым тілмен баяндалуы;
- жауаптың толықтығы;
- жауап беруде қажет болған жағдайда тиісті құқықтық актінің нормасына сүйенуі, жауабын құқықтық норманы пайдалану арқылы негіздеуі
- сұрақ бойынша жеке өзіндік пікірінің, көзқарасының болуы

Білім алушы ағымдағы (АБ1 және АБ) және қорытынды бақылаудан (ҚБ) оң баға алған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға: Қорытынды баға= (РК1+РК2)/3x0,6+(ИЭx0,4) Формуласы бойынша есептеледі.

Тыңдаушылардың оқу жетістіктері сандық эквиваленті бар халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан төмен қарай «D»-ға дейін (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша белгіленеді. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

«FX» (25-49) белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей, осы баға алынған аралық аттестациядан кейінгі «Incomplete» кезеңінде ақылы түрде қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады.

«FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жоспарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

«FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыру ақылы негізде бір рет қана рұқсат етіледі.

Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX» бағасын алса немесе емтихан тапсыруға келмесе, онда ақылы негізде пән бойынша оқу сабақтарының барлық түріне қайтадан қатысады, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Балдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ**1-модуль. Морфология. Сөз құрамы. Сөз таптары**

1-тақырып. Морфология. Сөз таптары туралы түсінік. Сөздерді топтастырудағы шарттылық. Сөз таптарының бір-бірімен сабақтастығы. Сөз таптарының тұлғасына, құрамына және мағынасына қарай жіктелуі. Зат есім. Тұлғалық, құрамдық, мағыналық ерекшеліктері. Сын есім. Тұлғалық, құрамдық, мағыналық ерекшеліктері. Сын есімнің шыраулары. Сан есім. Тұлғалық, құрамдық, мағыналық ерекшеліктері. Сан есімнің емлесі.

2-тақырып. Есімдік. Құрамдық, мағыналық ерекшеліктері. Есімдіктердің мағыналық түрлері (жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері). Есімдіктің септелуі, жіктеу есімдігінің жіктелуі, есімдіктің тәуелденуі. Есімдіктердің түрлену жүйесі мен сөйлемдегі қызметі. Есімдіктердің емлесі.

3-тақырып. Етістік. Тұлғасына қарай түрлері (негізгі және туынды етістік). Құрамына қарай түрлері (дара және күрделі етістік). Негізгі және көмекші етістік. Мағынасына қарай түрлері (салт, сабақты етістік). Болымды, болымсыз етістік.

4-тақырып. Етістіктің ерекше түрлері: есімше, көсемше, тұйық етістік. Етістіктің шақтары (өткен шақ, осы шақ, келер шақ).

5-тақырып. Етістіктің райлары (ашық, шартты, бұйрық, қалау). Етіс және оның түрлері (өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етістер). Етістіктің сөйлемдегі қызметі.

2-модуль. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі

6-тақырып. Үстеу. Тұлғалық, құрамдық ерекшеліктері. Мағыналық түрлері: мекен, мезгіл, сын-қимыл, мақсат, себеп, мөлшер, күшейткіш топтау. Үстеудің емлесі. Үстеудің сөйлемдегі қызметі. Еліктеу сөздер. Тұлғасына қарай түрлері (негізгі, туынды еліктеу сөз). Құрамына қарай түрлері (дара, күрделі еліктеу сөз). Мағынасына қарай түрлері (еліктеуіш және бейнелеуіш). Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі.

7-тақырып. Одағай сөздер. Одағай сөздердің жасалу жолына қарай түрлері (негізі, туынды одағайлар). Ойға үстейтін мәніне қарай түрлері (көңіл күй, жекіру, шақыру). ылаулар. Шылаулардың түрлері: (септеулік, жалғаулық, демеулік шылаулар). Шылаудың емлесі.

8-тақырып. Синтаксис. Синтаксистің салалары (сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисі). Сөз тіркесі, құрылымы. Сөз тіркесінің түрлері (есімді, етістікті сөз тіркесі). Сөз тіркесіне ұқсас тұлғалар. Сөз тіркесі, тіркесті сөз, тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығы. Сөздердің байланысу тәсілдері (жалғау, шылау, орын тәртібі, интонация

арқылы). Сөздердің байланысу түрлері (қиысу, матасу, менгеру, қабысу, жанасу). Сөз тіркесі білдіретін синтаксистік қатынастар.

9-тақырып. Сөйлем. Сөйлемнің түрлері: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті. Олардың жасалу жолдары. Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері (жай, құрмалас). Жай сөйлем. Жай сөйлемнің түрлері (жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, атаулы сөйлем). Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары.

10-тақырып. Сөйлем мүшелері. Олардың құрамына қарай түрлері: дара, күрделі, үйірлі. Тұрлаулы мүшелер: бастауыш пен баяндауыш. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. Тұрлаусыз мүшелер: анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш. Тұрлаусыз мүшелердің құрамы мен жасалу жолдары. Толықтауыш және пысықтауыштың мағынасына қарай бөлінуі. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, түрлері. Бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері. Жалшылауыш сөз және оның тыныс белгілері.

3-модуль. Құрмалас сөйлем синтаксисі, пунктуация, стилистика

11-тақырып. Айқындауыш мүше. Айқындауыш мүшенің түрлері (қосарлы, оңашалаған, қосалқы айқындауыш). Айқындауыштың тыныс белгілері. Сөйлем мүшесі болмайтын сөздер тобы. Оқшау сөздер. Оқшау сөздердің түрлері (қаратпа, қыстырма, одағай сөздер). Қыстырма сөздердің мағыналық түрлері. Оқшау сөздердің тыныс белгісі.

12-тақырып. Синтаксис. Құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің түрлері: салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем, аралас құрмалас сөйлем.

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері: (ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар, кезектес, талғаулы, түсіндірмелі салалас). Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

13-тақырып. Сабақтас құрмалас сөйлем, бағыныңқы және басынқы сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері (шартты, қарсылықты, себеп, сезгіл, қимыл-сын, мақсат бағыныңқылы). Сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышының жасалу жолдары. Аралас құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілері. Құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері.

14-тақырып. Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары. Төл сөзге тән тыныс белгілер. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі және тыныс белгілері. Диалог.

Пунктуация. Тыныс белгілердің орны және қызметі. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте). Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері (нүктелі үтір, тырнақша, сызықша, жақша, қос нүкте, үтір). Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы.

15-тақырып. Стыль. Стыльдің түрлері: ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет. Стыльдердің қолданылу аясы. Стыльдердің мақсаты. Стыльдердің ерекшелігі. Стыльдердің тілдік құралдары. Шешендік өнер. Шешендік өнердің зерттелуі. Шешендік сөздердің түрлері (шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау). Шешендік сөздердегі көркемдеуші құралдар.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
2. Атабаева М., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2005. – 88 бет.
3. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. – 240 бет.
4. Байтұрсынов А. Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі.

Тіл тағылымы. – Алматы, 1994.

5. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Қасымова Б., Шалабаев Б., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілі: Жаттығулар жинағы. – Алматы, 1997. – 328 бет.

6. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 272 бет.

7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова С.Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.

8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996.

9. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1998.

10. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. – 144 бет.

Қосымша:

1. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 2007.

2. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. – Алматы, 2000.

3. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2003.

4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1995.

5. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. – Алматы, 2003.

6. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009.

7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

8. Оралбай Н. Қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2006.

9. Абитханұлы Қ. Қазақ тіл (оқу құралы). – Алматы, 2005.

10. Ибрагимов Қ. Қазақ тілі (талапкерлерге арналған оқу құралы). – Алматы, 2015.

Интернет-ресурстар:

1. kz.testing.kz

2. https://ziatker.kz/docx/oqy_sayattylygy_boiynsa_test_suraqtary_27263.html

3. https://testcenter.kz/upload/iblock/d2d/o_u-sauattyly_y.pdf

4. https://Guesl_KazNU_AccessKazNU12

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫН ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Ауызша емтиханның мақсаты – тыңдаушылардың қазақ тілінде ойды жүйелі, дәл және коммуникативтік жағдаятқа сай ауызша жеткізу қабілетін, тілдік білімін практикада қолдану деңгейін, сондай-ақ талдау, қорытындылау және бағалау дағдыларын анықтау. Академиялық және күнделікті қарым-қатынасқа қажетті ауызша сөйлеу біліктілігін бағалау; функционалдық сауаттылық пен тілдік құзыреттілікті тексеру; болашақ ЖОО пәндерін меңгеруге тілдік дайындық деңгейін айқындау.

Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер

Когнитивті нәтижелер (1 және 2-сұрақтар)

Тыңдаушы негізгі тілдік ұғымдарды, грамматикалық және лексикалық тақырыптарды біледі; теориялық мәліметті түсіндіріп, мысал келтіре алады; тілдік заңдылықтарды ажыратады және сипаттайды.

Бағаланатын дағдылар: білу, түсіну, сипаттау, дәлелдеу.

Функционалды нәтижелер (3 және 4-сұрақтар)

Тыңдаушы: қазақ тілін нақты коммуникативтік жағдаятта қолдана алады; өз ойын монолог, диалог немесе қысқаша пікір түрінде жеткізеді; сөйлеу мәдениетін сақтайды, тілдік нормаларды орынды пайдаланады.

Бағаланатын дағдылар: қолдану, сөйлеу, интерпретациялау, жағдаятқа бейімделу.

Жүйелік нәтиже (5-сұрақ)

Тыңдаушы тақырып бойынша ойын жинақтап, жүйелі түрде баяндайды; себеп-салдарлық байланыс орнатады; жеке көзқарасын дәлелдеп, қорытынды жасай алады.

Бағаланатын дағдылар: талдау, жинақтау, бағалау, рефлексия.

Билет сұрақтарын тұжырымдау үлгілері

- 1-сұрақ (когнитивті). Мақсаты: теориялық білімді тексеру.
Тұжырымдау үлгісі: Қазақ тіліндегі сөз таптарының біріне анықтама беріп, негізгі белгілерін сипаттаңыз. Септік жалғауларының қызметін түсіндіріп, мысал келтіріңіз.
- 2-сұрақ (когнитивті). Мақсаты: тілдік білімді терең түсінуін анықтау.
Тұжырымдау үлгісі: Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығын түсіндіріңіз. Етістіктің шақ түрлерін атап, әрқайсысына мысал келтіріңіз.
- 3-сұрақ (функционалды). Мақсаты: ауызша сөйлеу дағдысын бағалау.
Тұжырымдау үлгісі: «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 1–2 минуттық монолог құрастырыңыз. Берілген жағдаят бойынша (университетке түсу, оқу процесі) қысқаша әңгімелеп беріңіз.
- 4-сұрақ (функционалды). Мақсаты: тілдік құралдарды жағдаятта қолдану қабілетін тексеру.
Тұжырымдау үлгісі: Досыңызбен оқу туралы диалог құрастырыңыз. Берілген мәтін бойынша өз пікіріңізді ауызша білдіріңіз.
- 5-сұрақ (жүйелік). Мақсаты: ойды жинақтау және бағалау қабілетін анықтау.
Тұжырымдау үлгісі: Қазақ тілін меңгерудің болашақ мамандық үшін маңызы туралы өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Тақырып бойынша қорытынды жасап, жеке пікіріңізді дәлелденіз.

Емтихан өткізу рәсімі

1. Стандартты ауызша офлайн емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
2. Ауызша офлайн емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушыларды тексереді, білім алушыларды белгіленген орындарына отырғызады.
3. Бөгде адамның ауызша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.
4. Кешігіп келген білім алушыларға емтихан тапсыруға рұқсат берілмейді.
5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
6. Дайындыққа 20 минут, жауапқа 15 минут уақыт беріледі.
7. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.
8. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасы ретінде бағаланады.
9. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.
10. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

КОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АЙДАРЫ
 Пән: Қазақ тілі Форма: Ауызша офлайн,
 Платформа: Univer АЖ

Критерий	1-сұрақ 9-10	7-8	10 балл	4-6	0-3
Когнитивті 1 Зат есімдердің, сын есімдердің, жеке, иелік және демонстрациялық есімдіктердің септік жүйесін жекеше және көше түрде қалай дұрыс қолдану керектігін біледі.	Қарым-қатынас жағдайлары мен қарым-қатынас мақсаттарына сәйкес ауызша және жазбаша тілде дұрыс қолдану дағдылары бар екенін көрсетеді.	Шектеулі көлемде ауызша және жазбаша тілде сөзжасам және сөзжасам дағдыларын білетіндігін көрсетеді.	Тілдің лексика жүйелері мен ережелерін әлсіз білетіндігін көрсетеді.	Лексикасының жүйесі мен ережелерін өте нашар білетіндігін көрсетеді.	
Когнитивті 2 Ұсынылған сөз тіркестерін, мәлімдемелерді, мәтіндерді грамматикалық тұрғыдан түсінуді біледі; Мәтінді оқи алады, ең бастысы, сұрақ-жауап үшін лексиканы қолдана алады.	Берілген көлемдегі лексиканы толық білу; грамматикалық формаларды қолдана білу; Дыбыстар мен буындарды бұрмалаусыз, өткізіп жіберусіз және ауыстыраусыз, сөздерді қайталамай, стресті дұрыс қоюсыз еркін оқуды көрсетеді.	8-10 Шектеулі көлемде Қателіктері бар грамматикалық формаларды қолдану мүмкіндігі Жақсы фонетикалық және интонациялық тұрғыдан дұрыс оқуды көрсетеді.	6-8 Кішігірім қателіктері бар грамматикалық формаларды қолдана білу әлсіз білім көрсетеді Кейбір кемшіліктері бар оқу техникасын көрсетеді және сұрақтар мен жауаптар үшін лексиканы қолданады.	0-5 Лексика мен сөз тіркестерін өте нашар білетіндігін көрсетеді Оқу дағдылары туралы білім қалыптастағандығын көрсетеді.	
Функционалды 1 Оқылған диалогтік немесе монологиялық мәлімдеме бойынша сұрақтарды тұжырымдай алады және сұрақтарға	Әдеби айтылымның негізгі ережелерін сақсауды, оқудың мазмұнын түсінуді көрсетеді.	20 балл 10-15 Екпіннің дұрыс қойылуын, оқылған мазмұнын түсінуді жақсы көрсетеді.	5-10 Оқудың нашар түсінігін көрсетеді.	0-5 Оқылған мазмұндың түсінбеушілігін көрсетеді.	

жауап бере алады. Функционалды 2		4-сұрақ 20-25		25 балл	
Тілдің грамматикалық нормаларын сақтай отырып, өз ойын білдіре алады.	Тілдің грамматикасы, лексикасы және өз ойын А2 /B1/ B2 деңгейлерінде білдіру бойынша тамаша білімдерін көрсетеді.	Тілдің грамматикасы, лексикасы туралы жақсы білімдерін көрсетеді және өз ойларын А2 /B1/ B2 деңгейлерінде білдіреді.	Тілдің грамматикасы, лексикасы туралы әлсіз білімдерін көрсетеді және өз ойларын А2 /B1/ B2 деңгейлерінде білдіреді.	10-15	Тілдің грамматикасы, лексикасы туралы әлсіз білімдерін көрсетеді және өз ойларын А2 /B1/ B2 деңгейлерінде білдіреді.
Жүйелік 1	5-сұрақ 25-30	30 балл	10-10	Лексика-грамматиканың қалыптасуын, сондай-ақ өз ойларын А2 /B1/ B2 деңгейлерінде білдіруді көрсетеді.	0-10
Грамматикалық дағдыларды дұрыс қолдана отырып, тұтас мәлімдеме жасай алады.	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырым туралы өте жақсы білімді көрсетеді.	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның жақсы білімін көрсетеді.	20-25	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның жақсы білімін көрсетеді.	10-20
				Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның әлсіз білімін көрсетеді.	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның қалыптасуын көрсетеді.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы: $BC1 + BC2 + BC3 + BC4 + BC5 + BC6 = ҚБ$
Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:
мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,
К-критерийлердің жалпы саны.